

Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы

Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 қазандағы № 511-2356 және Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 31 қазандағы № 93/12-VIII бірлескен қаулысы және шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Астана қаласы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Астана қаласы ономастика комиссиясының 2023 жылғы 3 тамыздағы, Республикалық ономастикалық комиссиясының 2023 жылғы 13 қазандағы қорытындыларының негізінде Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Астана қаласы "Есіл" ауданы бойынша:

жобалық атауы № 28/1 көшеге – Анадолы көшесі;

Астана қаласы "Нұра" ауданы бойынша:

жобалық атауы Е108 көшеге – Шандор Петөфи көшесі деп атау берілсін.

2. "Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жіберуді;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

_____ Ж. Қасымбек

Астана қаласы мәслихатының

төрағасы _____ Е.

Каналимов